

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мекемелері арқылы
Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы
жоқ тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қатысты
құжаттарды талап ету Ережесін бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 22 мамырдағы N 08-1/1, Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 98 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 28 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1899. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 11-1-4/252 және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 6 қазандағы № 460 бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Сыртқы істер министрінің 11.09.2020 № 11-1-4/252 және ҚР Әділет министрінің 06.10.2020 № 460 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 24 наурыздағы N 229 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасынан шет елдерге Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке бастық құжаттарын әкету, салып жіберу және талап ету тәртібі туралы Уақытша Ережесінің 6 тармағына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫЗ :

1. Қоса беріліп отырған, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мекемелері арқылы Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қатысты құжаттарды талап ету Ережесін бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы -
Сыртқы істер министрі
Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

Келісілген:

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрі Білім және ғылым министрі
2002 жылғы 16 мамыр 2002 жылғы 12 мамыр
Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты Денсаулық сақтау министрі
әлеуметтік қорғау министрі 2002 жылғы 2 мамыр
2002 жылғы 22 сәуір
Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы

Бас прокуроры Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 2002 жылғы 21 наурыз
төрағасы

2002 жылғы 2 наурыз
Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрі
2002 жылғы 27 сәуір

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы
Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
2002 жылғы 22 мамырдағы
N 08-1/1 бұйрығымен
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2002 жылғы 28 маусымдағы
N 98 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің
мекемелері арқылы Қазақстан Республикасы азаматтарының,
шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың
құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге
қатысты құжаттарды талап ету**

Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 24 наурыздағы N 229 "Қазақстан Республикасынан шет елдерге Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке бастық құжаттарын әкету, салып жіберу және талап ету тәртібі туралы" қаулысының негізінде және оны орындау үшін әзірленген және Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қатысты құжаттарды шет елдердегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық

өкілдіктері, консулдық мекемелері мен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі арқылы талап ету тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережелер азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер жөнінде құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын орындау үшін әділет, прокуратура, сот органдары, әлеуметтік қамтамасыз ету және денсаулық сақтау туралы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын орындау үшін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі, сондай-ақ өзінің құзыреті шеңберінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттамаларды басқару жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Мұрағаттар мен құжаттамаларды басқару жөніндегі комитет), Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты ай мен Қызыл Крест Қазақ қоғамы сияқты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мекемелеріне соқпай-ақ тікелей анықтама жүргізу мен құжаттар талап ету тәртібін жүзеге асыра алатын тұлғаларға қатысты емес және оны өзгертпейді.

3. Қазақстан Республикасының шетелдердегі дипломатиялық өкілдіктерінен, консулдық мекемелерінен келіп түсіп жататын сұрау салуларды, Қазақстан Республикасынан құжаттарды талап ету және Қазақстан Республикасында анықтама жүргізуді орындау Консулдық қызмет департаменті арқылы:

1) Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәлікті талап ету бойынша - Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әділет басқармаларының АХАТ бөлімдері, сондай-ақ Мұрағаттар мен құжаттамаларды басқару жөніндегі комитет;

2) Әлеуметтік-құқықтық сипаттағы (еңбек стаждары, жалақылары, зейнетақылары, білімдері мен біліктіліктері, мемлекеттік және ведомстволық марапаттаулары, негізсіз қуғын-сүргінге ұшырау фактілері, азаматтардың және олардың мүліктерінің тәркіленуі, әскери қызметі, еңбек армиясына қатысқаны туралы) Қазақстан Республикасының мемлекеттік және арнайы мемлекеттік мұрағаттарында, ақпарат пен құқықтық статистика орталықтарында жатқан құжаттар бойынша мәліметтер талап етуді Мәдениет, ақпарат және келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттамаларды басқару жөніндегі комитеті, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика мен ақпарат орталығы (Департаменті);

3) Ұйымдарда ведомстволық сақтауда жатқан құжаттар бойынша әлеуметтік-құқықтық сипаттағы мәліметтерді талап ету бойынша - тиісті мемлекеттік органдар мен олардың жүйесіндегі мекемелер;

4) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құзыретіне кіретін құжаттар бойынша әлеуметтік-құқықтық сипаттағы құжаттарды талап ету бойынша - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

5) Білімі туралы құжаттарды, сондай-ақ жоғары білім деңгейін растайтын құжаттарды талап ету бойынша - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;

6) Саяси оқиғалардың, әскери қимылдардың немесе табиғат апаттарының салдарынан олармен байланыс үзілген, оның ішінде бұрынғы әскери тұтқындар мен еркінен айырылғандар Қазақстан Республикасының аумағында және шет елдерде Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ тұлғалардың жақын туыстарын іздестіру бойынша, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында және одан тыс жерлерде әскери іс-қимыл кезеңдерінде жерленген жауынгерлер мен азаматтық тұлғалар қабірлерінің сақталғандығы туралы анықтама жүргізу бойынша - Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты ай мен Қызыл Крест қазақ қоғамы;

7) Емделуде болғаны, кәсіби аурулары мен қайғылы оқиғалар туралы мәліметтерді талап ету бойынша - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Мұрағаттар мен құжаттамаларды басқару жөніндегі комитет жүзеге асырады.

Мәліметтер (мұрағаттық анықтамалар) азаматтарға олардың өздері туралы және олардың асырауындағы немесе олардың қамқорлығындағы адамдар туралы берілуі мүмкін.

4. Әскери билеттер және қызметтік жеке куәліктердің түпнұсқалары мен көшірмелері шет елдерге жіберу, немесе әкету талап етуге жатпайды.

Шет елге тұрақты тұруға кетер кезде аталған құжаттар соңғы жұмыс орны (қызметі) бойынша тиісті мекемелер мен ұйымдарға, кететін азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларды есепке алатын мекемелерге өткізеді.

5. Құжаттарды талап ету туралы өтінішті беру кезінде белгіленген тәртіпте талап етілген консулдық алым төленеді.

Консулдық алым талап ету нәтижелеріне қатыссыз өндіріліп алынады.

6. Қазақстан Республикасының аумағында құрылған және жұмыс істейтін қоғамдық бірлестіктердің мүшелік билеттерін талап ету тәртібін осы бірлестіктер белгілейді.

2. Шет елдерден құжаттарды талап ету тәртібі

7. Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдары, Қазақстан Республикасының азаматтарының, шет елдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қатысты құжаттарды өтінішін беру жолымен, егер ол осы Ережелердің 2 тармағының қолданысына жатпайтын болса, шет елдерден Сыртқы істер министрлігі арқылы талап етеді.

8. Шет елдерден құжаттарды талап ету туралы өтініштерді ресімдеу кезінде мүдделі тұлғалар, мекемелер мен ұйымдар әр құжатқа белгіленген үлгідегі сауалнамаларды 3 дана бойынша (Қосымша) Сыртқы істер министрлігіне ұсынады.

9. Сыртқы істер министрлігі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде толтырылған сауалнаманың екі данадағы қосымшасымен құжаттарды талап ету туралы сұрауды Қазақстан Республикасының шет елдердегі тиісті дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелеріне жібереді. Сауалнамаға талап етілетін құжаттар туралы қосымша мәліметтер мазмұндалған барлық материалдар қоса беріледі. Үшінші данасы Сыртқы істер министрлігінде бақылауда қалады.

10. Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері, егер ол қажет болған жағдайда құжаттарды талап ету және оларды ресмилендіру мәселелері бойынша болу елдерінің тиісті органдарына сұрау салады және Сыртқы істер министрлігінің сұрауларын жеделдетіп орындауға барлық қажетті шаралар қабылдайды.

11. Болу елдерінің органдарынан алынған құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте заңдастырылады. Олардың сұрауларына теріс жауап алған жағдайда Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері бұл туралы Сыртқы істер министрлігін хабардар етеді.

12. Сыртқы істер министрлігі шет елдерде орналасқан Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерінен алынған құжаттарды арыз берушілерге жібереді немесе егер құжаттар сол елдің органдарынан алынбаған болса, оларға теріс жауаптарды хабарлайды.

13. Қазақстан Республикасы дипломатиялық қарым-қатынастар орнатпаған және оның мүдделері басқа мемлекеттер арқылы көрсетілмеген елдерде құжаттарды талап ету іргелес жатқан мемлекеттердің бірінде орналасқан Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі арқылы жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасынан құжаттарды талап ету тәртібі

14. Шет елдерде тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар олардың тұрақты мекені немесе азаматтығы бар елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелеріне өтініш беру жолымен Қазақстан Республикасынан құжаттарды талап етеді.

15. Шет елдерде тұрып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарынан, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардан Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелеріне келіп түскен құжаттарды талап ету туралы өтініштер дипломатиялық поштамен Сыртқы істер министрлігіне жіберіледі. Сонымен бірге талап етілген әрбір құжатқа үш данадан белгіленген үлгідегі сауалнама қоса берілуі керек. Сауалнаманың көшірме нұсқасы шетелдік мекемелердің іс қағаздарында қалады.

16. Талап ету жөніндегі жеке тұлғалардың мынадай өтініштері қанағаттандырылуға жатпайды:

1) Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәлігі, егер олар арызданушыға емес, басқа тұлғаларға ресімделсе;

2) Егер неке бұзылған болса, неке құру туралы куәлігі (тиісті анықтама берілуі мүмкін);

3) қайтыс болғандардың туу туралы куәлігі.

Қайтыс болғаны туралы куәліктерді марқұмның туыстары немесе заңды тұлғалар ресми мақсаттарда талап ете алады.

16 жасқа дейінгі балаларға туу туралы куәліктерді әке-шешелері, асырап алушылары, қамқоршылары мен кәмелетке толмағандарды тәрбиелейтін балалар мекемелерінің әкімшіліктері талап ете алады.

17. Бұрынғы Советтік Социалистік Республикалар Одағының консулдық мекемелерінде бұрын осындай куәліктер алған Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктерін Сыртқы істер министрлігі Ресей Федерациясының дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері арқылы талап етеді.

18. Шет елдердегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық қызметтерінің, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық қызметтерінің сұрауларын орындай отырып, Сыртқы істер министрлігі әрбір талап етілген құжаттарға арналған белгіленген үлгідегі сауалнаманың екі данасын АХАЖ органдарына, мұрағаттық мекемелерге және тиісті ұйымдарға жібереді.

19. Олардың құзырына жататын қазақстандық мекемелер мен мемлекеттік мұрағаттарға тікелей келіп түскен Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың арыздары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте, сондай-ақ халықаралық шарттарға сәйкес орындалады.

20. Шетел мемлекеттерінің ресми құжаттары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте заңдастырылады.

Қазақстан Республикасының шет елдердегі өкілдіктері мен консулдық мекемелері тікелей Сыртқы істер министрлігі арқылы талап ету тәртібінде келіп түскен шетелдік ресми құжаттарын заңдастыру талабын жоятын Конвенцияның қатысушысы болып табылмайтын елдердің құжаттарын заңдастырады және оларды белгіленген тәртіппен арызданушыларға береді.

Шетелге әкетуге немесе жіберуге арналған жеке құжаттардың түпнұсқалары немесе мемлекеттік нотариалды кеңселері куәландырған көшірме нұсқалары (онда заңдастыру талап етілетін елдер үшін) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде заңдастырылады.

Қосымша

Құжаттарды талап ету жөніндегі

САУАЛНАМА

Әр құжат жеке-жеке 3 данада толтырылады.

Сұрақтарға жауаптарды қол жазуымен немесе баспа әрпімен түсінікті жазып, толық және нақты беру керек

___ СҰРАҚТАР ЖАУАПТАР

1. Құжаты талап етілетін тұлғаның фамилиясы, аты-жөні, әкесінің аты (Шет елдерде мемлекеттік немесе орыс және шет тілінде фамилиясы қалай жазылғанын көрсетіңіз, егер фамилиясы өзгерген болса, онда барлығын көрсетіңіз)
2. Аталған тұлғаның туған жерін, жылын, айын, күнін (Облысын, ауданын, қаласын, ауылын, қыстағын көрсетіңіз)
3. Жынысы
4. Аталған тұлғаның азаматтығы (егер азаматтығы өзгерген болса, онда барлығын көрсетіңіз)

5. Ұлты

6. Қандай құжаттар талап етіледі:

а) егер туу, неке, ажырасқаны, қайтыс болғаны туралы және с.с. құжат талап етілсе, онда туылғаны, некесі, ажырасқаны, қайтыс болғаны және с.с.

тіркелген нақты орны мен уақытын, сондай-ақ туу туралы құжат талап ету кезінде ата-анасының фамилиясын, аты-жөнін, әкесінің атын көрсетіңіз

б) егер білімі туралы құжат талап етілсе, онда оқу орнының аты мен мекен-жайын, түскен және оны бітірген күніңізді, сұратып алдыру құжатының сериясы мен номерін көрсетіңіз;

в) егер жұмыс стажы туралы құжат талап етілсе, онда оқу кәсіпорны мен мекемесінің атауын және мекен-жайын; жұмыс уақыты мен кім болып істегеніңізді көрсетіңіз; Егер жеке тұлғалардың қарамағында жұмыс істеген болсаңыз, онда жұмыс берушінің фамилиясын, аты-жөнін, әкесінің атын және мекен-жайын көрсетіңіз;

г) егер шет елдерде тағайындалған зейнетақы туралы құжат талап етілсе, онда қашан, не үшін және қандай мекеме зейнетақы тағайындағанын; қандай мекеме және қашан соңғы рет зейнетақы төлегенін көрсетіңіз.

ЕСКЕРТУ: кәсіпорындардың, мекемелердің және оқу орындардың атауын мүмкіндігінше шет тілінде бергеніңіз жөн.

7. Құжат қандай мақсат үшін талап етіледі

8. Құжаты талап етілетін тұлғаның тұрған жерінің нақты мекен-жайын көрсетіңіз

Егер сіздікі емес басқа біреудің жеке құжаты талап етілсе,

онда сонымен қатар мынадай келесі - сұрақтарға жауап беріңіз:

- 9. Сіздің фамилияңыз, аты-жөніңіз және әкеңіздің аты
 - 10. Сіздің туған жеріңіз бен туған жылыңыз
 - 11. Сіздің азаматтығыңыз
 - 12. Құжаты талап етіліп отырған тұлғаға сіздің туыстық қатынасыңыз
 - 13. Сіздің тұратын жеріңіздің мекен-жайы
-

—

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК